



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№40 (1906) 30 ҚАЗАН 2023 ЖЫЛ

Ортақ түркі әліпбиі дамытылады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ортақ түркі әліпбиінің интеграциялық рөлі: ғылыми және әлеуметтік қырлары» атты халықаралық конференция өтті. Іс-шараны Халықаралық Түркі Академиясы, Ататүрік атындағы Мәдениет, тіл және тарих жоғары мекемесіне қарасты Түрік тілі қоғамы мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірлесіп ұйымдастырды.

Форумға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Халықаралық Түркі академиясының президенті Шахин Мұстафаев, Ататүрік атындағы мәдениет, тіл және тарих

жөніндегі Жоғары кеңестің президенті Дерья Орс, Түрік лингвистикалық қоғамының директоры Осман Мерт, ТүркіПА Бас хатшысының орынбасары Сақы Садықов, Түркі мемле-

кеттері ұйымының ақсақалдар кеңесі Төрағасының бас кеңесшісі Синан Юлкер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Парламентінің депутаттары, түркі әлемінің жетекші ғылыми ұйымдарының тіл білімі саласындағы мамандары, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Конференцияны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзімен ашты.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Мохсен Фагани бастаған делегация құрамымен кездесті.

Ректор Иранның Бас консулымен кездесті



Қазақстан жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы аясында ҚазҰУ-да Иран Ислам Республикасының университеттерінен үш профессор дәріс оқиды және PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік етеді. Қазіргі уақытта университетте ирандық 11 студент білім алуда.

екі ел ғалымдарының жемісті жұмысына үміттенеді», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Өз сөзінде Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Мохсен Фагани университет ұжымына алғыс білдіріп, өзара тиімді ынтымақтастыққа қызығушылық танытты. Осы

Университет ғылымдарын марапатымен құттықтаймыз!

Республика күні Ұлттық мерекесі қарсаңында еліміздің ғылымы мен білімін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессорлары мемлекеттік наградалармен марапатталды.



«Парасат» орденімен Философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасының профессоры, фарабтанушы ғалым Жақыпбек Алтаев марапатталды. «Құрмет» орденімен Педагогика және білім кафедрасының профессоры Шәркүл Таубаева наградалды. Экономика және бизнес Жоғары мектебі факультетінің менеджмент кафедрасының профессоры Ержан Жатқанбаев «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері болды. Фило-

логия ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы ғалым Қансейіт Әбдезұлы мен экономика ғылымдарының докторы, профессор Болат Мұхамедиевке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, әкімшілік және конституциялық құқығы

кафедрасының меңгерушісі Қарлығаш Үсейінова «Бірлік» алтын медалімен, «Парасат» кәсіподағының Төрағасы Талғат Мекебаев «Жомарт жан» төсбелгісімен марапатталды.

Университет ғалымдарын жоғары марапаттарымен құттықтаймыз!

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



«Жақында ҚазҰУ-да «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, ізгі қоғам және қазіргі этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған Иранның Шахид Бахшти университетінің профессоры Гуламрез Авани бастаған Иран ғалымдары қатысты. ҚазҰУ бірлескен ғылыми зерттеулердің бастамаларын қолдайды әрі

ретте қазақ және парсы тілдеріндегі сирек басылымдар каталогы басып шығарылып, Әбу Насыр Әл-Фарабидің қолжазбасын зерттеу мен Әл-Фараби орталығының қызметкерлері екі елдің мамандарының бірлескен жұмыстарын атап өтуге болады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Мензия САПАРҒАЛИҚЫЗЫ
Қоғамдық мәселелер ҚазҰУ сарапшыларының назарында

3 >>



Еңбектері заң ғылымының алтын қорын құрайды

4 >>



Нұрбәулет – чемпион!

8 >>

Ортақ түркі әліпбиі дамытылады



Соңы. Басы 1-бетте

«Соңғы жылдары Түркі әлемінде тығыз қарым-қатынастар мен рухани байланыстар нығайып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тұтас түркі жұртын тарихи тамырластық пен ортақ мүдде біріктіреді. Біз Түркі әлемінің Атажұрты ретінде бауырлас елдермен жан-жақты қарым-қатынасты дамытуға айрықша мән береміз», – деп атап өткен болатын.

Түркі әлемінің рухани құндылықтарын әлемге танытатын осындай халықаралық деңгейдегі ғылыми шаралардың маңызы әрдайым жоғары деп білемін. Конференцияның мақсаты – 1991 жылы Ыстамбұлда өткен Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Өзбекстан және Түркия ғалымдары мен жазушыларының жалпы жиналысында бекітілген түркі мемлекеттерінің тілдік бірлестігі мен ортақ әліпбиге көшуінің шарттары мен мәселелерін талқылау», – деді Жансейіт Түймебаев.

серпін беретін мемлекет басшыларының кезекті кездесуі өтетінін айтты.

«Биыл түркі әлеміне ортақ тұлғалардың мерейтойлары аталып өтуде. Атап айтсақ, ойшыл-ғұлама Әбу Райхан әл Бирунидің 1050 жылдығы, Түркі әлемінің ұлағатты ұстазы – Түркістанның Пірі Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығы, Әзірбайжанның мемлекет және қоғам қайраткері Гейдар Әлиевке 100 жыл, Шыңғыс Айтматовтың туғанына 95 жыл толып отыр. Сонымен қатар Түркия Республикасының құрылғанына 100 жыл. Ортақ мерейтойлар тұлғаларымызды танытып, түркі мемлекеттері арасындағы мәдени ықпалдастықты ілгерілетуге үлес қосады», – деді М.Отарбаев.

Ғылыми басқосуда Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан елдерінің танымал лингвист-ғалымдары мен сарапшылары латын әліпбиі жөнінде талқылау өткізіп, өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Шарада Бірыңғай әліпби комиссиясының мүше-



Іс-шарада Халықаралық Түркі академиясының президенті Шахин Мұстафаев сөз сөйлеп, «Біздің ортақ міндетіміз – ортақ әліпбиді құрудың ғасырлық процесін жалғастыру, оң нәтижелерге қол жеткізу және болашақты құрудың берік негізін қалау. Түркі мемлекеттерінің академиялық топтары жалпы әліпбиге әлеуметтік-мәдени мән беру және оны қабылдау процесіне өз үлестерін қосуы, сондай-ақ осы мәселеде бірлікті нығайтуға ықпал етуі тиіс деп санаймын», – деді.

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев үшінші қарашада Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Түркі елдерінің бауырластығын жандандыруға жаңа

лері мен лингвистикалық институттардың өкілдері әліпбиді дамытудағы жұмыстарды талқылап, қатысушы елдердің мемлекеттік тіл саясатын саралады.

Алқалы жиын аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев халықаралық конференцияға арнайы келген түркиялық әріптестерді жеке қабылдап, түркітануға байланысты ортақ мәселелерді талқылады.

Конференция жұмысының нәтижесінде ортақ түркі әліпбиін зерделеу және енгізу бойынша қарар қабылданып, бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев АҚШ-тағы Penn state (Пенсильвания) университеті магистратура және халықаралық бағдарламалар бойынша заң факультетінің вице-деканы Стивен Барнспен кездесті.

Студенттер оқуын АҚШ-та жалғастырады

«ҚазҰУ АҚШ-тың 18 жоғары оқу орнымен тығыз қарым-қатынаста. Өткен жылы білім ордасына Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңестердің (ACCELS) президенті, доктор Дэн Дэвидсон арнайы келіп, көшбасшылық дәріс оқыған болатын. ҚазҰУ АҚШ университеттерімен академиялық ұтқырлық бойынша студенттер мен оқытушыларды алмасу жұмыстарын жандандыруда. Алдағы уақытта аталған жұмыстарды жандандыра бермекпіз. Penn state (Пенсильвания) университетімен бірлесіп, ҚазҰУ базасында ғылыми орталық және филиал ашуды ұсынамын. Бұған оқу ордасының мол мүмкіндігі бар», – деді ректор.

Өз кезегінде Стивен Барнс құрметпен қабылдағаны үшін университет басшылығына ризашылығын білдіріп, бірқатар ұсыныстарын ортаға салды.

«Серіктестікті дамыту мақсатында ҚазҰУ студенттерін АҚШ-қа шақырамыз. Яғни заң факультетінің бакалавриатында оқитын үшінші курс студенттері төртінші курстарын оқу үшін біздің университетке келеді. Сонда үш жылды ҚазҰУ-да оқып, бір жылды



АҚШ-та оқиды. Нәтижесінде осы төрт жыл ішінде бакалавриат бойынша ҚазҰУ-дың және магистратура бойынша Penn

state (Пенсильвания) университетінің дипломын ала алады. Алдағы уақытта халықаралық қатынастар және филология факультеттерінің студенттерін оқытсақ деген ойымыз бар. Білім алушы жастардың оқу

ақысын АҚШ тарапы төлейтін болады. Сондай-ақ заң факультетінде жұмыс істейтін оқытушы-профессорлар құрамын АҚШ-та бір жыл тағылым-дамадан өткізуге мүмкіндік бар», – деді Стивен Барнс.

Сондай-ақ жүздесуге қатысқан «Мамандығым – Болашағым» жобасының жетекшісі Самғат Ермекбаев бұл бастаманың маңызы жоғары екеніне тоқталып, тиімді әріптестік орнайтынына сенім білдірді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Иран ғалымдарымен бірлескен жобалар іске асады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына Ираннан арнайы қатысуға келген делегациямен кездесті.

Делегация құрамында Шахид Бахшти университетінің профессоры, Иран философиясы қауымдастығының президенті Гуламреза Авани, доцент, мәдени, әлеуметтік және өркениеттік зерттеулер институтының жетекшісі Реза Голами, Мәдениет және исламдық коммуникациялар ұйымының ғылыми және академиялық ынтымақтастық жөніндегі бас директоры Халадж Монфаред, Табриз университетінің оқытушысы, салыстырмалы философия және математикалық логика бойынша маман Масуд Омид және т.б. ғалымдар бар.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті ғалымдарға ілтипат білдіре



отырып, бірқатар ұсыныстарын ортаға салды.

«Біздің университет философия, әлемнің екінші ұстазы атанған ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидің есімімен аталады. Бұл біз үшін үлкен мәртебе. Сондықтан біздер Әл-Фарабиді зерттеуші ғалымдарға көп көңіл бөлеміз. Осы тұрғыда сіздер ойшыл Әл-Фараби туралы зерттеулерді Иранда көп насихаттап, көптеген мақалалар жазсаңыздар деген ұсынысымыз бар. Сондай-ақ алдағы уақытта Иран ғалымдарымен бірлесіп ортақ ғы-

лыми кітаптар жазып шығарсақ. Бұл жұмыстардың барлығы екі елдің жоғары оқу орындарын мәдени, тарихи және білім бойынша байланыстырып, ынтымақтастықты арттыруға сеп болады. ҚазҰУ-да Ирантану кафедрасы жұмыс істейді», – деді ректор.

Өз кезегінде делегация мүшелері аталған ұсыныстарды қолдайтынын жеткізіп, қарым-қатынасты одан әрі арттыруға мүдделі екендіктерін білдірді.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Социология ғылымдарының докторы, ҚазҰУ әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, сарапшы Мәнсия Сапарғалиқызы «Qazaq universiteti» газетіне қоғамдағы өзекті мәселелер жөнінде сұхбат берген болатын. Бүгін сол әңгімені оқырман назарына ұсынып отырмыз.

– Елімізде халық санының артуына орай Алматы, Астана, Шымкент қалаларына халықтың қоныстануына шектеу қою керек деген ұсынысты естіп қалып жүрміз. Сіздің ойыңызша қалай?
– Кез келген қаланың табиғи заңдылығына сәйкес, тұрғын-

әлеуметтік қорғау министрлігінің комитет басшысының айтуы бойынша, қала өу баста 300 мың адамға ғана есептелген. Сондықтан Астананың көлемін кеңейту, әлеуметтік инфрақұрылым салу мәселелері орын алуда. Сондықтан Астана, Алматы, Шымкент сияқты



Мәнсия САПАРҒАЛИҚЫЗЫ, профессор:

Қоғамдық мәселелер ҚазҰУ сарапшыларының назарында

дарына қатысты белгіленген бір шегі болуы керек. Қандай да бір мөлшер белгіленбей, сырттан ағылған адамдардың саны тым көп болып жатса, жергілікті қаланың шығыны еселеп артып, экологиялық, әлеуметтік ахуалы қиындай түседі. Бәрінен бұрын бұл сол мемлекеттің ішкі геосэкономикалық, геосаяси және көші-қон саясатына кері әсер ете бастайды. Әлемдегі көшбас-таушы қалалар жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы деректерге сүйенсек, қалай болғанда да, ел астанасында халық саны міндетті түрде өсу үстінде болады. ҚР Статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша елдегі халық саны 19 миллион 854 мың адам, қала халқы – 12 миллион 276,3 мың, ауыл халқы – 7 миллион 577,7 мың адам болды. 2021 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда, халық саны 238,3 мың адамға немесе 1,3 пайызға өскен. Алматы қаласы халық санының ең көп өсімін көрсетті, осы кезеңде халық саны 17 мың 771 адамға өсіп, 2 млн 175 мыңға жетті. Бұл қарқынмен 10-15 жылдың көлемінде Алматы 5 млн халық тұратын мегаполиске айналатын секілді. Орта Азиядағы ең ірі қала болуы мүмкін. Екінші орында Астана қаласы тұр, онда халық өсімі 16 мың 802 адамды көрсетіп, 1 млн 359 адамға жетті. Шымкент қаласының тұрғындары – 1 205 889.

Әдетте, астаналарда бас қала мәртебесіне сай, іскерлік белсенділік те арта түседі. Іскери компаниялар өздерінің бас офисін орналастыруға тырысады. Тағы бір жағынан, бюджеттен бөлінетін қаржы көп болғандықтан инфрақұрылымдар көптеп салынып, жаңа жұмыс орындарына да үнемі вакансия болады. Сондықтан халықаралық тәжірибеде астана, сол секілді ірі қалалардағы халық санын шектеудің теориясы мен теңдеуі ұсынылған.

Қазір Астанаға кімнің кіріп, кімнің кіре алмайтынын анықтау бойынша миграция мәселесі талқыланып жатыр. Бүгінде Астанада бір миллионнан аса адам тұрып жатыр. Онда тұрақтауды шектеу қала халқының жастардың оқуға келуі, жаңа жұмыс орындарының ашылуы ауылдан Астанаға көшу процесінің әсеріне байланысты туындап отыр.

ҚР Еңбек және халықты

ірі қалаларда тұрақтауды шектеу заңдастырылған ережелер бойынша жүзеге асырылуы керек. Егер жұмыс берушілер жұмысқа шақырып, үймен немесе жатақханамен қамтамасыз етсе, оқуға келген жастарға шектеу болмауы керек. Сондай-ақ емделуге не қыдырып келуге шектеу болмайды.

Қазір Астана қаласы бойынша тұрақтауға шектеу енгізу мәселесі үкімет органдарында қаралуда. Мәселе тіркелген қала тұрғындар санын қадағалау, реттеуде болып отыр. Жұмысқа тұрақты тіркеуі бар тұрғындарға ғана рұқсат беру қала тұрғындары санын қадағалауға мүмкіндік береді. Ірі қалаларда қала жанындағы елді мекендерден тіркеусіз жұмыс істеп жүргендерді есепке алу оңай емес. Шектеу іріктеу арқылы келушілердің әлеуметтік құрылымы мен мақсатын ескере отырып жүргізілсе тиімді болмақ. Қоғамдағы осындай өзекті тақырыптарды ҚазҰУ сарапшы-ғалымдары назарда ұстап, әрдайым талқы ұйымдастырамыз. Мұндай пікір-сайыстарға білім алушылар белсенді араласады.

– **Ішкі миграцияның экономикаға пайдасы мен зияны қандай?**

– Мигранттардың шамадан тыс көптігі кез келген елдің ішкі еңбек нарығындағы бәсекелестікке төнген қауіп және оның отандық экономикаға кері әсер ететіні сөзсіз. Бір жағынан алғанда, жаһандандудың табиғи процесі ретінде қабылданатын заңсыз миграция мәселесі – бүгінде елімізде күн тәртібінде тұрған проблема. КСРО ыдырағаннан кейін экономикалық тұрғыда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізе білген мемлекеттер қатарындағы Қазақстанға сырттан ағылатын заңды және заңсыз мигранттар көп. Негізінен бүгінде әсіресе, еліміздің оңтүстік аймағына айтарлықтай қиындықтар мен қауіп төндірген заңсыз миграция экономикалық тұрғыда ғана емес, этнодемографиялық, қылмыстық тұрғыда да қатерлі. Осының кесірінен, жыл сайын республикалық бюджет қомақты шығын шегеді. Өйткені, құқық қорғаушылар Қазақстандағы жүздеген, мыңдаған мигрантты мемлекет есебінен елдеріне қайта апарып тастаса да, арада аз ғана уақыт өткенде әлгі заңсыз мигранттар қазақ жеріне қайта келеді. Кейбір елдердің этникалық топтарының шекара аймақтарындағы ауыл-

ды жерлерге шоғырлануы да қоғамды алаңдатып отыр. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы тәжік, өзбек пен түркімендердің басым бөлігі ауылды жерлерге қоныстанған. Алматы облысындағы ауылдарда қырғыздар көп (ал солтүстіктегі шекаралық аймақтарда орыстардың саны артып келеді). Миграция жөніндегі халықаралық ұйым өкілі Павел Шлиппек қазақ елінде заңсыз нан табуға тырысатын Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан мен Қытай азаматтарын шартты түрде үш топқа бөлуге болатынын айтады: біріншісі, күнде таңертең темір жол, көлік немесе басқа да транспорт түрімен шекара маңындағы базарға жеміс-жидек пен көкөніс әкеліп, кешке қарай үйлеріне қайта оралатындар. Екіншісі, шопан, құрылысшы, егін суаратындар мен егінді жинайтын маусымдық жұмысшылар. Үшіншісі, ұзақ уақыттан бері Қазақстан аумағын мекен етіп, алыпсатарлық және басқа да кәсіпкерлік түрімен айналысатын шетел азаматтары. Шлиппектің пікірінше, қара күшін жалға беретін алғашқы екі топтағылар жұмыс берушіге тәуелді болса, үшінші топ керісінше, қазақстандық кәсіпкерлердің басты бәсекелестеріне айналған әрі ішкі нарықтағы тұтынушылық сұранысты қанағаттандырып отырған тәуелсіз әрі заңсыз мигранттар.

Барлық иммигранттардың жартысына жуығының құжаты бар, жұмыс істейтін және салық төлейтін болғандықтан, олар жалпы ішкі өнімнің өсуіне ықпал ету арқылы экономикаға оң әсер етеді. Құжатталған және құжатсыз иммигранттар тұтынушы болып саналады. Олар экономика шеңберінде ақша көмектеседі. Бірнеше миллион құжатсыз иммигранттар салық төлеушінің жеке нөмірін пайдаланып салық төлейді. Салық және экономикалық саясат институтының мәліметтері бойынша, олар жылына 11,7 миллиард долларға жуық мемлекеттік және федералдық салықтарды төлейді.

Демографиялық тұрғыдан алғанда жаңа келген иммигранттардың төрттен үшінен астамы 18 бен 64 жас аралығында. Бұл қоғамдағы егде жастағы адамдар мен жастардың арақатынасын төмендетеді. Сонымен қатар қандастар санының өсуі ұлттық

құрылымында қазақтардың санының артуына алып келді.

– **Қазір Ресейден келіп жатқан мигранттар азайды ма?**

– Миграцияның жаңа лебі Ресей мен Украина арасындағы соғыс салдарынан пайда болды. Украиналықтар соғыстан, ресейліктер санкция зардабынан қашып, жан-жаққа көшіп жатыр. Көрші ел ретінде Қазақстанға келіп жатқандары бар. ҰҚК-нің мәліметі бойынша, осы жылдың ақпаны мен сәуірі аралығында Ресейден 128 мың адам келген, былтырғымен салыстырғанда, көрсеткіш екі есе көп. Украинадан 3074 адам келген – бұл өткен жылғыдан 15%-ға артық. Қазақстанға негізінен кәсібі IT-ге немесе жұмысы интернет желісіне тән мамандар келіп жатқанын байқаймыз. Яғни білімі, жұмыс тәжірибесі, бизнесі әрі қаржысы бар адамдар. Себебі қазір әуе билетінің өзі қымбат. Оларды креативті класс өкілдері деуге болар. Жалпы айтар болсақ, басым көпшілігі жастар, 25-40 жас аралығындағылар. Бұл топ аға буынға қарағанда, қимылы ширақ. Олар әлеуметтік тұрғыда масыл емес, еңбекке қабілетті, білікті қызметкерлер. Ресейліктер ірі қалаларға, Алматы мен Астанаға баруға тырысады. Қазақстан тек ірі ресейлік бизнес үшін ғана емес, фрилансер, стартап және шағын бизнес үшін де тартымды мекенге айнала бастады. Ресейліктер үшін соңғы бірнеше айда біздің еліміздің аты мен рейтингі әжептәуір өсті деуге болады. Бизнесі интернетке байланған адамдар көбірек көшіп келіп жатыр. Оларға жұмыс іздеудің қажеті жоқ. Ал ЖСН алғандардың еңбек нарығына қалай әсер ететінін қазір айту қиын. Өзірге мен білетін кейстерді айтсам, ресейліктер біздің нарықта маман табылмаған жұмысқа орналасып жатыр. Яғни жұмысқа орналасу үшін бәсекелестік емес, кадр тапшылығы негіз болды. Бұл жерде жұмыс беруші үшін де әрі ресейліктерден тәжірибе алмасатын ұжым үшін де пайда бар. Демек, көші-қоннан да пайда бар. Бізге келген ресейліктер өз ақшасын біздің экономикаға жұмсайды. Мәселен, жалға беру, мейрамхана, қонақүй, шағын бизнес нарығына жаңа импульс береді. Еңбек нарығы өзгереді, бұрын батыс аудиториясына жұмыс істеген білікті

кадрлар пайда болады. Ал қашықтан жұмыс істейтіндер жергілікті қызметкерлер үшін бәсекелес болады дей алмаймын, себебі олар ары қарай өз клиенттеріне, яғни Еуропа мен АҚШ-тағы тапсырыс берушілерге жұмыс істеуді жалғастыра береді. Яғни, жұмыс берушілер мәселесіне келгенде, жергілікті тұрғындармен талас болмайды деуге келер. Оның үстіне Қазақстанда ағылшын, қазақ, орыс тілін жетік меңгерген үш тілді мамандарға жоғары сұраныс байқалып келеді.

– **Мәнсия Сапарғалиқызы, Қазақстаннан өзге елге көшу мәселесі туралы не айтасыз?**

– Осы күні адам капиталы,

еңбек нарығына қатысты қызық жағдай туындады. Осыдан бірнеше ай бұрын ғана қазақстандықтардың елден кетуі күн тәртібінде тұрған мәселе еді. Енді кері бағытта өзгерді. «Егер сен вакансияны қолдан жіберіп алсаң, шағымданып жылаудың орнына біліктілігіңді арттыру керек» деген хедхантерлердің айтқанына қосыламын. Егер осы талапты негізге алатын болсақ, еліміздің тұрғындары үшін иммигранттармен бәсекеге алаңдаудың қажеті жоқ.

«Интеллектуалды миграция» (ағылш. brain drain) – мамандардың, ғалымдар мен білікті жұмысшылардың өз елінен саяси, экономикалық, діни немесе басқа да себептер бойынша жаппай шығу үдерісін, яғни эмиграциялық процесті сипаттайды. Өрине, бұл ретте мамандарының бір бөлігі сыртқа кеткен елдерге айтарлықтай экономикалық, мәдени, ал кейде саяси залал келтірсе, керісінше, иммигранттарды қабылдайтын мемлекет-тер үлкен және арзан зияткерлік капиталға ие болады. Ал ақылды жастарын, мамандарын жоғалтқан ел зиян шекпей қоймайды.

Еліміз үшін білімді мамандарымыздың, ақылды жастарымыздың шетелге білім алуға кетіп, оралмай қалу қауіпі үлкен алаңдатушылық тудыруда. Сондықтан бірінші кезекте интеллектуалды көші-қонның үлкен ағыны – жоғары білімді дайын мамандардың сыртқа кетуі мәселесін және жоғары білім алу мақсатында шетелге арман қуып кеткен жастардың елге қайта оралмау жағдайын талдау қажет.

Қазақстанның ақыл-ойы АҚШ, Канада, Ресей, Германия, Израиль, Гонконг, Сингапур, Қытай елдеріне тарауда. Шетелден мамандарды тартуға қарағанда, өз мамандарымызды пайдалану әлдеқайда тиімді. Қайтарымызсыз интеллектуалды эмиграция салдарымен күресу қиын болып отыр, өйткені ақылға бәсекелестік бүкіл әлемде өсуде, ал Қазақстан әзірге өз білімділеріне, таланттарына ерекше ұсыныс жасаймайды. Яғни еңбекақы төлеу деңгейі, әлеуметтік пакет және дамыған елдермен салыстырғанда, басқа да көптеген параметр бойынша артықшылықтар жоқ.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан – Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор Әбдуәлі Ереновтің туғанына 100 жыл толды. Әбдуәлі Еренұлы ұзақ жылдар бойы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетімен тығыз байланыста жұмыс істеді.



Академик А.Еренов көптеген жылдар бойы 12.00.06 – жер құқығы, экологиялық құқық және аграрлық құқық мамандығы бо-

листических земельных правоотношений в Казахской ССР» атты монографиясы еліміздегі жер қатынастарының пайда болуы мен дамуының өзекті мәселелеріне арналған.

Ә.Еренов өзінің әріптестері Н.Мұхитдинов пен Л.Ильяшенкомен бірге жазған «Предмет и система советского земельного права» атты монографиясында қолданыстағы заңнама мен оны қолдану тәжірибесі негізінде кеңестік жер құқығының пәнін, жүйесі мен принциптерін жан-жақты қарастырды. Монографияда жер құқығымен реттелетін қоғамдық қатынастардың ерекшеліктері ашылып, кеңестік жер құқығының, оқу пәні мен ғылы-

Еңбектері заң ғылымының алтын қорын құрайды

йынша университеттің докторлық диссертациялық кеңесінің мүшесі, заң факультетінің түлектері үшін МАК төрағасы және көптеген аспиранттардың, ізденушілер мен докторанттардың ресми оппоненті болды.

Қазақстанның заң ғылымы, оның дамуы мен халықаралық деңгейде танылуы белгілі ғалым Ә.Ереновтың атымен тығыз байланысты. Академик – Қазақстандағы жер құқығы, экологиялық құқық және аграрлық құқық ғылымдарының негізін қалаушылардың бірі.

Ә.Еренов қазақ қоғамындағы жер қатынастарының тарихы бойынша бірнеше іргелі ғылыми еңбектер жазып, көптеген халықаралық конференцияларда тарихшылар мен заңгерлермен ғылыми пікірталастарға белсене қатысып, өз тұжырымдамасын талай мінбелерден қорғаған заңгер-ғалым. Көрнекті ғалымның көтерген мәселелері, оның ұсынған қорытындылары мен шешімдері, бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ және қазіргі уақытта да осы тақырып төңірегінде зерттеу жүргізіп жүрген жас ғалымдарды қызықтырады.

Академик Әбдуәлі Еренұлы 1923 жылы 30 қыркүйекте Түркістан қаласында дүниеге келген. Теміржолшы отбасында өскен ол жас кезінде инженер болуды армандады. Арманының орындалуына соғыс кедергі болды. Ұлы Отан соғысына аттанып, Сталинград шайқасына қатысты. Оң қолынан айрылып, әскерден босатылды. Әбдуәлі Еренұлы майданнан оралғанда жасы небәрі 19-ға толған еді. Алғашында «қала өмір сүретінімді, не істерімді білмей қалған кезім болды» деуші еді. Бала кезіндегі арманы көкке ұшты.

Бірақ жаңа өмірді бастауға күш-қуат тауып, Ташкент мемлекеттік заң институтына оқуға түсіп, оны 1949 жылы үздік бітіріп шығады. Әбдуәлі Еренұлы институтты бітірген соң арнайы жолдамамен Мәскеуге барып, КСРО Ғылым Академиясы Құқық институтының аспирантурасына оқуға түседі. 1952 жылы Мәскеуде КСРО Ғылым Академиясы Құқық институтында «Кеңестік Социалистік мемлекет дамуының бірінші кезеңіндегі Қазақстандағы жер-су заңнамасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Академик 1952 жылдан өмі-

рінің соңына дейін, яғни, 2004 жылға дейін 52 жыл бір жерде, яғни ғылым ордасы Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясында жұмыс істеді. Ғұмырын ғылымға арнаған ғалым екенін осыдан білуге болады.

1963 жылы Алматыда Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институтында «Қазақ КСР-де социалистік жер қатынастарының пайда болуы мен дамуы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 1965 жылы Ә.Еренов профессор атағын алып, 1967 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болды. 1983 жылы Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, 1985 жылы «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қорғауды құқықтық қамтамасыз етудің теориялық мәселелері» еңбегі үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді.

2003 жылдан бастап ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі. 1958-1985 жылдары ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер, 1985-1995 жылдары Аграрлық-құқықтық ғылымдар бөлімінің меңгерушісі, 1995-2004 жылдары ҚР ҰҒА Мемлекет және құқық институтының, КАЗГЮУ Мемлекет және құқық институтының Азаматтық-құқықтық қатынастар және экология бөлімінің бас ғылыми қызметкері. Академик Әбдуәлі Еренұлы 1 және 2 дәрежелі Отан соғысы ордендерінің және «Құрмет белгісі» орденінің, көптеген медальдардың иегері. Ғалым 2004 жылы 27 қыркүйекте Алматы қаласында қайтыс болды.

Академик Ә.Ереновтың ғылыми еңбектерінде көтерілген мәселелер мен олардың шешу жолдары әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Әбдуәлі Еренұлы өзінің «Очерки по истории феодально-земельных отношений у казахов» атты монографиясында «қазақ көшпелілердің феодалды қатынастарының негізіндегі жер қатынасы туралы мәселелер әлі күнге дейін шешілмеген деп баяндайды. Феодалды жер қатынастарының мәселелері тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де пікірталастық сипатқа ие», – деген тұжырымдама жасайды.

Академик Ә.Ереновтың «Возникновение и развитие социа-

мының дербес саласы ретіндегі жер құқығы жүйесінің принциптері мен ұғымдарына терең талдау жасалады, жер құқығының басқа құқық салаларымен арақатынасы анықталады. Сондай-ақ, Ә.Еренов профессорлар Н.Мұхитдинов пен Л.Р.Насыровамен бірге жазған «Эффективность природоохранительного законодательства (на материалах Казахской ССР)» атты монографияда «Кең мағынада, құқық қолдану тиімділігі ұғымы, бір жағынан, социалистік құқықтық нормалардың бүкіл жиынтығының кемелдігін, әлеуметтік белсенділігін, екінші жағынан, оларды қолдандудың жоғары тиімділігін, оның заң шығарушы қойған мақсаттарға сәйкестігін білдіреді. Тар мағынада бұл тұжырымдама құқықтың жекелеген салаларына қатысты көрсетілген критерийлердің болуын көрсетеді. Табиғатты қорғау заңнамасына қатысты бұл ерекшелік табиғатты дұрыс қорғауды да, табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету туралы қамқорлықты да ескеру қажеттілігімен анықталады», – деп тұжырым жасайды.

Академик Ә.Ереновтың шығармашылық мұрасының елеулі бөлігі өткен ғасырға тиесілі болғанымен, оның зерттеулерінің теориялық бағыттылығының, қарастырылып отырған мәселелерді талдаудың тереңдігінің арқасында қазіргі кезеңде де өзектілігін жойған жоқ. Ә.Ереновтың іргелі еңбектері еліміздің заң ғылымының алтын қорын құрайды. Оларға Ресейдегі және басқа да ТМД елдеріндегі белгілі ғалымдар жиі сілтеме жасайды. Ғалымның еңбектері ҚР экологиялық, аграрлық және жер құқығының дамуына айтарлықтай әсер етті.

Ә.Еренов аға және кіші ұрпақтың сабақтастығын қамтамасыз етуді ғылымды дамытудың міндетті шарттарының бірі деп санайды. Ол көп уақытын жоғары білікті кадрларды даярлауға арнады. Оның басшылығымен 20-дан астам адам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады.

Академик Әбдуәлі Еренұлының есімі Қазақстан заң ғылымының тарихында мәңгі қалады!

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
заң ғылымдарының докторы,
профессор
Қалдарбек ҚУАНДЫҚОВ,
заң ғылымдарының кандидаты

Ұлағат мектебі

Шымкент қаласында еліміздің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Жамалбек Шаймерденұлының 95 жылдығына арналған «Тіл. Қоғам. Уақыт» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция А.Пушкин атындағы қалалық әмбебап кітапханасында, сондай-ақ «Дәуір және тұлға» Түркістан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында ғылыми-ағарту жобасы аясында өтті.



Іс-шара бағдарламасы бойынша Жамалбек Шаймерденұлының ескерткішіне гүл шоғын қою; облыстық мұражай экспозициясын толықтыру мақсатында отбасылық мұрағаттан құжаттар табыстау, кітаптар презентациясы, мұғалімдер мен оқытушыларға арналған біліктілікті арттыру курстары жоспарланды.

Жамалбек Шаймерденұлов әр жылдары мемлекеттік және қоғамдық қызметтерді атқарған. 1963 жылы Шымкент облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, екі жылдан кейін Шымкент облыстық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып сайланып, онда 1983 жылға дейін 18 жылдан астам уақыт қызмет атқарған. 1983 жылдан зейнетке шыққанға дейін Қазақ КСР халықтық бақылау комитеті төрағасының бірінші орынбасары лауазымында болды. Оның есімі Шымкент қаласының орталық көшелерінің біріне, Шәуілдір ауылындағы көшеге берілді. Ж.Шаймерденұлов тұрған Шымкент қаласы, Нариманов көшесіндегі №1 үйге мемориалдық тақта орнатылды. Ардагерлердің бастамасымен Шымкент пен Шәуілдірде Қазақстанның құрметті азаматы мен әйгілі тұлғаның құрметіне монумент орнатылған.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына Қазақстан, Қытай, Ресей, Өзбекстаннан, Қазақстанның түрлі қалаларынан ғалымдар, ЖОО оқытушылары, мектеп мұғалімдері, сондай-ақ студенттер мен оқушылар, ҚХА мүшелері, қоғам қайраткерлері, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Форум қатысушыларына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Ж.Түймебаев, экономика ғылымдарының докторы, Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Айтаханов, ҚХА Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университеті профессоры Д.Құлмаматов және тағы басқалары құттықтау жолдады.

Халықаралық конференция бірнеше бағыттарды қамтыды: дөңгелек үстелдер, мұғалімдер мен педагогтардың біліктілігін арттыру семинарлары, кездесулер.

«Тіл және қоғам»: панельдік пікірталас ұйымдастырылды. «Қазақстан және әлем тарихында тұлғаның рөлі» деген тақырыппен Ж.Шаймерденұловтың 95 жылдығына, фольклоршы-ғалым Е.Тұрсыновтың 80 жылдығына және топонимист, филология ғылымдарының докторы В.Поповтың 100 жылдығына ғылыми-ағарту семинарлары өтті. Бұған қоса, халықаралық конференция қатысушылары «Қазақ университеті» (Алматы қ.) және «Златоуст» (Санкт-Петербург қ.) баспаларының жаңалықтарымен танысты.

Конференция соңында 2023 жылдың 18 қыркүйегінен мұғалімдерге арнап онлайн режимде қашықтықтан іске қосылған біліктілікті арттыру семинарларының және «Златоуст» цифрлық білім беру платформасының басшысы, «Златоуст» ЖШС орталығы бас директорының орынбасары Н.Голубевтің ұйымдастыруымен өткен «Орыс тілін шет тілі ретінде оқытудағы заманауи тәсілдер мен жаңа тәжірибелер» атты әдістемелік семинарының қорытындысы шықты. Біліктілікті арттыру бойынша сертификаттар табысталды.

Жамалбек Шаймерденұлов – саналы ғұмырын қоғам игілігіне арнаған қайраткер тұлға. Ұлт руханиятын жаңғыртуға ерекше үлес қосып, еліміздегі іргелі реформаларға атсалысқан, перзенттік парызын абыроймен атқаруды ұлы мақсат деп есептеген мемлекет қайраткері. Тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін қалауға ерен еңбек сіңірген осындай тұлғаларды ұлықтауға міндеттіміз. Қазақ елінің өркендеуіне адал қызмет атқарған Жамалбек Шаймерденұлов ғұмырнамасы – ұлағат мектебі іспетті.

Шолпан ҚҰДЯРОВА,
Phd, Түркітану және
алтайтану F3I

Тәуелсіз еліміздің ұлттық валютасы – теңгенің дүниеге келгеніне биыл 30 жыл толып отыр. Ұлттық валюта 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы.

«Теңге» сөзінің мағынасына түсінік беретін болсақ, түркі халқының орта ғасырда есеп айырысқан күміс монеталары, яғни «денге» немесе «танга» атынан пайда болғандығын аңғарамыз. Теңге қазақ халқының тарихындағы алғашқы айналымға енген ақша бірлігі емес екені сонау өткен тарихымыздан белгілі.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ежелгі қазақ даласында айырбас саудада бағалы аң терілерін, металдан жасалған теңгелерді тауар айналымы ретінде қолданған. Тарихи еңбектерде алғашқы теңгелерді I ғасырда-ақ ғұндар жасаған деген мәлімет беріледі. Оның бір бетінде пехлеви, екінші бетінде түркі руна (эфталит) жазуы болған. Бұл теңгелер V-VI ғасырларда сауда айналымына пайдаланылған. Теңгенің пайда болуы мен сауда айналымына енуіне Ұлы Жібек жолының қазақ жері арқылы өтуінің және оған ежелгі түркілердің ие болуының ықпалы өте зор болды. Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өткен. Оның Суяб, Тараз, Испиджаб қалалары арқылы өтетін тәлімдері бойында орналасқан ежелгі қазақ даласында сауда, айырбас сауда түрі ертеден қалыптасқан. Испиджабқа одан солтүстік-батыс жақтағы Фарабқа,

Тәуелсіз елдің төл валютасы

Шауғарға және одан өрі қарай Сырдарияның төменгі ағысы мен Орталық Қазақстанға кететін тармақтары шыққан. Сол тармақтарының бойында орналасқан қалаларда материалдық игіліктен басқа сауда да жасалды. Қалалар тауар айырбасының негізгі үш бағыты: елдер арасындағы, қала мен оның төңірегі арасындағы және қала мен көшпелі дала арасындағы бағыттары тоғысып жатты. Қазақ халқы айырбас түрінде сауда жасауда малдың терілерімен қатар бағалы аң терілері, қымбат металдар алтын және күміс кесектерін сауда-саттыққа жұмсаған. Ал одан бөлек, ұсақ бөлшек сауда жасауда көбіне мыстан жасалған фельстер қолданыста болған. V-VIII ғасырларда Шу, Талас, Сыр бойындағы қалалардың өрлеуі барысында қоладан билеушілердің таңбасы бейнеленген теңгелер жасалды. Мәселен, Суяб, Тараз қалаларындағы теңге шеберханаларында Ашина әулетінің рәмізі деп есептелген арыстан бейнеленген. Жетісуды мекендеген түргештердің теңгелерінде «Түркеш қаған теңгесі» немесе «Түркінің көк ханының теңгесі» деген жазулар болды. Тарихи деректер бойынша түргештердің сауда орталықтары ежелгі Суяб пен Тараз қалалары болған Қазақ жерінде ақшаны жасау ісі Қарахан әулеті тұсында жақсы өріс алды. Қарахан әулеті ислам дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін, ақша айналымындағы тиындардың атауы да «динар, дирхем, фулс» деген арабша атауға ие болды. Яғни Қыпшақ



тайпасы жайлаған Дешті қыпшақ даласында күміс және мыс ақшаны қазіргі біз қолданып жүрген ақшаның атауымен атаған. Мәселен, алғашқысын танга (теңге), кейінгісін пул (пұл) деп атаған. Орта Азияның он алты қаласында шамамен 1260-1280 жылдардың өзінде-ақ, монета соғатын ірі сарайлар болған. Қазақстан аумағындағы сол кездегі Тараз, Жентте т.б. қалаларда теңге сарайлары болған. Теңгелерде көбіне арыстан, сұңқар, балық суреттері бейнеленген. Кейбір дирхемдер мен пұлдарда шоқ жұлдыздардың бейнесі салынса, кейбірінде тотықұстың суреті салынған. Динар деп алтыннан соғылған тиынды айтатын болса, күміс тиынды дирхем деп атаған. Ал Әмір Темір монеталары XIV ғасырдың соңында қазақ жерінде айналымға енеді. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалаларда сауда-саттық жасауда дирхем, динар, пени, манат, фулс, ділдө, жамбы сынды ақша бірліктері айналымға түскен. Ата-бабаларымыз қағаз ақшаны аққұйрық, ал, металл ақшаны бақыр, қара бақыр,

күреш, қара күреш, шақа, соқыр, жармақ, тиын деп түрлі атаумен атаған. Сонымен қатар көлемі мен салмағына қарай алтын мен күмісті тайтұяқ, атантұяқ, қойтұяқ, ботагөз деп атаған. Сонымен әр түрлі кезеңде жасалған теңгелердің өз ерекшеліктері болған. Ресей империясының отарлауы барысында қазақтардың төл ақшасы ығыстырылып, орыс ақшалары, халық арасында «сөлкебай» деп аталып кеткен монеталар сауда айналымында болды. Ресей 1992 жылы 26 шілдеде өзінің төл валютасын енгізді. Сол кезден бастап, рубль аймағындағы елдер Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстанда қаржылық жүйелерін бөліп жіберді. Қазақстанға Ресей Орталық банкі қазақ нышандары бар рубльді шығарып беруді ұсынды. Сонымен қатар Қазақстан рубльді пайдалану үшін Ресейдің құрамына, Ресей Федерациясының субъектісі ретінде енуі керек және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жинаған небәрі 700 млн-нан астам АҚШ долларындағы алтын-валюта резервін Ресейдің орталық

банкне тапсыруы керек деген талаптар қойды.

Англияның атақты «Харрисон және ұлдары» компаниясымен ұлттық валюта – теңге жасау туралы келісімшарт жасалып, 1993 жылы теңгенің алғашқы партиясы басылып шықты. Теңге сол жылы қарашаның 15-і күні айналымға енді.

